

ӘОЖ 17.71

## **ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНА ТӘН БАСТАПТЫ ТАНЫМ КАТЕГОРИЯЛАРЫ**

**Тажобаева Фариза**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
«6М020500 – Қазақ филологиясы (әдебиеттану)» мамандығының ІІ курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.Б.Ержанова


Әр елдің өз дүниетанымына сәйкес жылдар бойы жинақталған мифтік таным-түсініктері адамзат баласын еліктірмей қоймайды. Мифология – адамзаттық деңгейдегі таным мен тарихи сана-сезімнен хабар беретін құбылыс. Кез-келген халықтың, адамзаттық сананың даму тарихының бастауы болатын бұл қабаттың көпқырлылығы, жан-жақтылығы қаншама дәлелденді. Әлемдік фольклортану ғылымында мифті зерттеуші ғалымдардың қатары біршама. Атап айтқанда, Е.М.Мелетинский, М.И.Стеблин-Каменский, О.М.Фрейденберг, М.И.Шахнович секілді ғалымдардың есімдеріне ерекше тоқталуға болады. Ғалымдардың пікірінше, миф ең алғаш пайда болған заманда шындық деп есептелген, артынша зерттеушілер үшін бұл тек қиял ретінде қабылдануда. Дегенмен, ежелгі заман адамдарының таным-түсінігінен хабар беретін мифтік шығармаларды «шындық» деп қабылдау толықтай сәйкес келе бермейді. Мысалға, грек мифологиясындағы түрлі құдайлар жайлы түсінік, шын мәнісінде олардың ойдан ойлап тапқан образдары. Демек, мифология –

тек қана шындық емес, бұл – шығармашылық, дүниетаным, адамның қиялға ерік беруінен туындайтын табиғи құбылыстарға түсінік. Бұл процесс қай заман болмасын, адам санасы шығармашылыққа бейім келетіндігін дәлелдейді. Ал, кейбір мифтік танымдарды жалған, қиялдың ғана жемісі деп дөп басып айту қиынға соғады. Мысалға, қазақ халқының Алаштың үш баласынан таралғандығы жөніндегі миф. Бұл мифтің қазақ танымында ғана емес, қазақ тарихына туғызған үлесі орасан зор. Сонда бұл шындыққа айналған өтірік пе, әлде шынайы өмірде болған дүние ме? Дегенмен, бір анығы, арғықазақтардың көне руханияты дұрыс деп шешкен дүние екендігі белгілі.

Мифологизм, белгілі бір дәрежеде көркемдік-танымдық қызмет атқаратындығы бұған дейін айтылды. Әсіресе, фольклорда мифологизмнің әсері мықты, өйткені фольклор мифтен бастау алады. Адам баласы технология дамыған, автоматтандырылған заманның өкілі болғанның өзінде генетикалық тұрғыда ежелгі танымнан алшақ кете алмайды. Бұл – табиғи құбылыс. Физикада бұл құбылыс кибернетика заңдылықтарымен түсіндіріледі. Адам миының жұмыс істеу механизмі белгілі-бір дәрежеде генетикалық системаға негізделеді. Демек, біз қалайық, қаламайық генетикалық код ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Әрине, ол өзгеріске түсуі мүмкін, ол үшін ұрпақ ауысатын бірнеше ғасыр, және мүлдем жат орта қажет болады. Дегенмен, толықтай жою мүмкін емес. Енді тақырыбымызға қайта оралайық, мифтің тек қана әдебиет немесе тарихқа ғана қатысы бар десек, қателесеміз. Миф – бұл ежелгі таным, болмыстың бір бөлшегі, адамның қиялынан немесе шындықтан туған ұғым.

Ендігі кезекте осы бір ойымызды дәлелдеп көрсек, ең алдымен болмыс мәселесі. Ежелгі заманда адамдар жаратылысты қалай түсінді? Бұл сұраққа жауап беру өте қиын, өйткені жалғыз арғықазақ мифологиясының өзінде жан-жақты бір-біріне кереғар пікірлер жетіп артылады. Жалпылама алғанда жаратылыстағы абсолюттің символы, барлық баршылықтың өзгермейтін негізі – нүкте. Нүктеге біз үлкен акцент береміз, өйткені, ол бардың бастауы, жаратылыстың негізі, «құдай», «центр», «өзек», «нұр» ұғымдарымен тең. Ал бұл нүктенің пайда болуын ешкім түсіндіре алмайды, дәл сол секілді дінде де Алла Тағаланың жалғыз екендігі, және «өзі тумаған, бірақ өзі тудырады» деп көрсетеді. Арғықазақ мифологиясындағы ұғымдар – ежелгі замандағы адамдардың мемлекетті басқару системасына негізделетіндігін байқаймыз. Яғни центр, біз айтып отырған нүкте – басшы, орталық мағынасында келеді де, ол бірнеше қоршаулардан тұрады. Соған сай түрлі танымдық түсініктер қалыптасады. Мысалға, «үштік» категориясы – үш қабаттан орналасқан үй немесе мемлекет ретінде мифтерде кездеседі. Оның ең ортасында басшысы, кейін оның қорғандары, дәрежесі сатылап төмендейтін қабаттары болады. Дәл осы иерархиялық категория – қазақ халқында «үш жүз» ұғымын туғызды. Бұндай мемлекет басқару принципі бірнеше халықтардың мифіне, мемлекет басқару жүйесіне ортақ болып келеді.

Сатылай басқару – пирамида негізіндегі сызба-нұсқаға негізделеді. Серікбол Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» еңбегіде берілген мына анықтамаға назар аударсақ, «Ерен ғайып қырық шілтен – мұсылман түркілер (қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, т.б.) мифологиясындағы көзге көрінбейтін рух сипатына ие тірі пенделер (перілер)... Олар – ғаламды билейтін 40 құдіретті әулие. Мұндағы «ғайып» сөзі – «көзге көрінбейтін» дегенді, «шілтен» - парсы тілінен «чил» - «қырық» дегенді білдіреді. Төменгі сатыны «шілтендер» құрайды, одан жоғары сатыда – «пафтан» дейтін жеті рух, одан жоғары сатыда «естан» деп аталатын үш рух, ең жоғарғы сатыда «гаус» деп аталатын жалғыз рух болады.» [1, 69] Мына схемаға назар аударайық,



(1-сурет)

**Өзек, нүкте** – негізгі басқарушы, ең маңызды бөлшек. М: Гаус рухы, жалғыздық символикасы. **Екінші қабат** – күші өзектен әлсіз, бірақ келесі қабаттан басым. М: «Естан» деген үш рухты алуға болады. **Үшінші қабат** – екінші қабаттан күші әлсіз, бірақ төртіншіден басым. **Соңғы қабат** – бұл мифтік туындыларда әр түрлі сандық мөлшерде көрсетіледі. Бірде жеті қабат, бірде үшпен тоқталады, ал кейде тіпті 40 қабатты қорған ретінде бейнеленеді. Қаланың көлемі мен басқару жүйесін суреттеуде түрлі цифрлық көрсеткіштер баламаланады. Бұл – арифметикалық символдардың өзіндік мәні бар. (1-сурет)

Ежелгі алтай аңыздары ішіндегі аса қызығушылық тудыратыны – тәңіршілдік жөніндегі түпнұсқа. Мұнда бағзы замандарда Ұлы Даланы мекендеуші көшпелілер Көк Құдайы – Тәңірге сенгендігі айтылады. Осыған орай олардың ұстаған діні тәңіршілдік деп аталады. Тәңір пайда болғанға дейін ғаламды бұлдыраған тұман, буырқанған мұхит басып жатқан. Бабаларымыздың, ежелгі түркілердің мифтеріне сүйенер болсақ, біздің әлеміміз осы мұхиттан жаралған.

Ол былай суреттеледі: «... Баяғыда көк те, жер де болмаған, тек бір ғана шетсіз-шексіз мұхит болған. Күндердің бір күнінде мұхиттың ортасында Ақ Жарық көрініп, одан нұр шашқан алтын жұмыртқа шыққан. Оның ішінде күллі әлемнің болашақ түп атасы Тәңір жаралған. Тәңір өте ұзақ, миллиондаған жылдар бойы ұйықтады. Ақыры, бір күні оянды да, жұмыртқаның қабығын жарып сыртқа шықты. Жұмыртқаның үстіңгі жағынан Көкті жаратты, ал төменгі бөлігінен Жерді жасады. Көк Жерге құлап кетіп, жер жүзінде тағы да аласапыран орнамас үшін Тәңір олардың арасына асатаяқ – темір қазық қойды. Ол Аспан таяғы – Темірқазық жұлдызы. Тәңір Темірқазыққа Көк жүзін айналып жүретін аспан арғымақтарын – жұлдыздар мен шоқжұлдыздарды байлап тастады» [2, 8-10].

Екінші категория дүниенің тік жазықты бірнеше қабаттан тұруы жөнінде. Бұған біз үш әлем (аспан әлемі, біз өмір сүріп жатқан жер және жер асты әлемі) немесе жеті қабат жер асты әлемі, жеті қабат аспан әлемі, үш басты айдаһар, қырық батыр, үш құс, жеті қазына, қырық тіл секілді бір деңгейдегі, белгілі-бір мөлшерді құрайтын ұғымдарды жатқызамыз. Бір дейгей деп отырғанымыз, алдыңғы «нүкте» негізінде таралатын, бірнеше дәрежелі қабаттар емес, бір-бірімен тең түсетін бірнеше қабаттар.

Горизонтальды үш қабаттың астыңғысы жер асты, ортаңғысы жер үсті және үстіңгісі аспан әлемі деп елестетейтін болсақ, бұл қабаттар «үш кеңістікті әлем» түсінігіне алып келеді. Дегенмен бұл категорияның өзі алдыңғы пирамиданың негізінде пайда болған. Тек қырынан алғандағы бейнесі, уақыт өте келе тең принципке негізделіп, әр қабат өзіндік тең дәрежелі ұғымға ие болады. Бұған дәлел – мифтік шығармаларда кездесетін 40 батырдың бір төбе, негізгі кейіпкердің бір төбе болып суреттелуі. Ал горизонтальды бөлшектердің – жер, аспан әлемі және жер асты әлемі голограммасын мына суреттен көре аламыз.

Бұл ойымызды дәледейтін үзінді келтіріп көрсек, Ежелгі қазақ мифтерінде ғаламның 99 әлемі бар екендігі айтылады. Олардың әрқайсысының өзінің Күні мен Айы, Көгі мен Жері және Жерінің астында Тозағы болады. Ғалам Жоғарғы, Төменгі және Ортаңы әлемдерге бөлінген.

«Жоғарғы әлем – Қан (Құрбыстан, Тенгере). Мұндағы жер Алтын Телегей деп аталады. Оны Манғызын-Матмас билеген. Манғызын-Матмасы Үлкен Тәңір бастық қылып қойған. Жоғарғы әлемнің тозағы Манғыс-точири-там деп аталады. Тозақтың бас әміршісі – Батпан-Қара. Тоқсан тоғыз әлемнің ортаншысы Эзрен Тенгере деп аталады. Онда Бильгейн-кератту-Тяран-Мызықай – Аса Құдіретті билік жүргізеді. Ортаншы әлемдегі жер – Алтын Шарқа, ал оның иелігіндегі тозақ – Тепкен-қара-там. Мұндағы тозақтың билеушісі – Батпан-Қарақшы.

Ал адамзат өмір сүріп жатқан әлем тоқсан тоғыз әлемнің ең кішісі және ең төменгісі болып табылады. Ол Қара Тенгере (Қара Аспан) деп аталады. Ондағы басты әмірші – Майтөре. Қара Тенгере әлемі аспанының отыз үш қабаты бар. Олар бір-бірінен жоғары орналасқан. Бұл әлемнің еншісіндегі тозақ Таптан-қара-таш деп аталады. Тозақта Керей хан, яғни Жауыз билік жүргізеді.» [2,10]

Осыған ұқсас тағы бір мифте былай келеді: (Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз. Ал жердің астындағы адамдар белдігін аяғына орайды, олардың өздерінің күні, айы, жұлдызы бар» [2,10] деп келеді. Кейінгі заманда, осы миф ертегіге айналғанда осы үш әлем ертегі кейіпкерлері шарлайтын мекенге айналады. Бұл үш әлем шамандар дінінде де сақталған.

Әлем формасы ескіқазақ мифтерінде төрт бұрышты пішінде, «дүниенің төрт бұрышы», «төрт құбыласы түгел болу» деген түсініктер осы принципке негізделеді. Ежелгі жазбаларға сүйенсек, «жер – жан-жағын мұхит қоршаған төрт бұрышты пішіндегі әлем» деген түсінікке кезіземіз. Ал аспан мен жер асты әлемі үлкен шексіз кеңістікке ие. Кейбір жазба еңбектерде «оның арасын үлкен «Бәйтерек» байланыстырып, ұстап тұрады» деген түсінік те бар. Бұл – екі әлемді байланыстырушы «есік», «тұтқа» немесе «тесік» секілді категорияға алып келеді. Алып бәйтерек – өмір символы. Функциясы – екі әлемді байланыстыру.

Жеті қабат жер асты әлемі – кей фольклорлық туындыларда теріс орналасатындығы айтылады, яғни қаһарман жер астына тап болып, мүлдем өзгеше өмірге кезігеді. Олар бір туындыда жер үсті секілді оң формада кездесе, кейде теріс, адам басы төмен, аяғы жоғары қарай бұрылып жүретіндігі айтылады. Жер асты әлеміне деген гректердің мифінде кездесетін «өлілер әлемі», «жер асты құдайы – Аид» секілді түсініктер біздің де мифтерде кездеседі. Жер асты хандығы, оны басқарып отырған хан (мысалы Ер Төстік ертегісінде кездесетін Бапы хан) бұл түсініктердің өзі қазақ танымында жер астына деген ерекше көңіл бөлулердің болғандығы дәлелдейді.

Енді жердің горизонтальды төртбұрыш формасына келсек, арғықазақ мифтік туындыларында әлемнің төрт бұрышын төрт құбыла ретінде алатын тұстары да бар. Бұл кеңістіктегі бағыттар, қазіргі тілмен айтқанда төрт бағыт (оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс), яғни бұл түсініктің бағзы замандағы бұлыңғыр контексті.

Қорытындылап айтар болсақ, ежелгі қазақ түсінігіне сай келетін әлем жаратылысы – тік жазықты төрт бұрышты, екі әлемді (аспан және жер асты) байланыстырушы ғалам. Аспан әлемінің тылсым дүниелеріне, жұлдыздар мен ай, күн секілді жаратылыстарға деген арғықазақ түсінігінде қаншама танымдар кездеседі. Оның әрқайсысына келесі жазба еңбектерде тоқталатын боламыз. Ал дәл сол секілді арғықазақтар «жер асты әлеміне» де үлкен «акцент» түсіреді. Өзге елдердің ежелгі танымында жиі кездеспейтін, «жер астындағы өмір» концепциясы – қазақ дүниетанымындағы ерекше таным екендігін айта кету керек. Демек, ежелгі қазақтардың болмысқа, жаратылысқа, басқару принципі мен күш коэффициентіне берілетін өзіндік түсініктері жетерлік.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Дайк-пресс, 2004ж. – 504 бет.
2. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. Қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2006. – 252 бет.